

Я. Данек¹, Ж.А. Карманова², С.М. Абылайхан²

¹Касиетті Кирилл және Мефодий Университеті, Трнава, Словакия;
²Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан
(E-mail: saltok_jan@mail.ru)

Мектепке дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет белгілерін қалыптастыруда қолданылатын әдістер мен құралдар

Мақалада мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет белгілерін қалыптастыруда қолданылатын тиімді әдістер мен құралдар жайында ақпараттар қарастырылған. Бұл үздіксіз жүріп отыратын оқыту және тәрбиелеу үрдісінде жүзеге асу керек. Сондықтан мақала мазмұнында берілген әдістер мен құралдарды әрбір ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда, әрбір тәрбиелік іс-шараларды өткізуде басшылыққа алуға болатыны кеңінен мәлімденген. Мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет белгілері ретінде: қарапайымдылық, үнемшілдік, ұстамдылық, қанағатшылдық, орынды пайдалану алынған. Авторлар мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің міндеттерін айқындаған. Мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастыру құралдарының түрлері ретінде көркем құралдар тобын, табиғаттағы серуенді атап өтеді. Аталған құралдар мен әдістер ұйымдастырылған оқу қызметі барысында және күнделікті өмірде бала тәрбиесінде қолданса, ата-аналар және мектепке дейінгі ұйымның педагогтары рухани жаңғырған мемлекеттің тұлғасын қалыптастырады.

Кілт сөздер: тәрбие, қалыптастыру, мектепке дейінгі жас, қоғамдық сананы жаңғырту, рухани жаңғыру, адамгершілік мәдениет белгілері, әдістер, құралдар.

Егеменді ел жастарының санасына рухани жаңғыру жағдайында адамгершілік мәдениеттің белгілерін сіңіре білу үрдісінің маңызы зор. Бұл үздіксіз жүріп отыратын оқыту және тәрбиелеу үрдісінде жүзеге асады. Оқыту — тәрбиеден бір елі бөлінбейтін біртұтас үрдіс. Сондықтан мақала мазмұнында берілген әдістер мен құралдарды әрбір ұйымдастырылған оқу қызметін, әрбір тәрбиелік іс-шараларды өткізуде басшылыққа алуға болады.

Қарапайымдылық, үнемшілдік, ұстамдылық, қанағатшылдық, орынды пайдалану көргенділікті көрсетеді, және олар — шынайы адамгершілік мәдениеттің белгілері. Олар ересектердің және балалардың жанын қозғайды. Біз үлкендер өмірдің қалай өзгеріп жатқанын көріп жүрміз. Әлемдегі адамгершілік жағдайдың шиеленісуі әлеуметтік-адамгершілік құндылықтар дағдарысы бұл көбінесе адамзаттың дүниетанымы мен санасының дағдарысы екенін түсінуге әкеледі. Адамгершілік жағдайға жалпы алаңдаушылық: ысырапшылдық пен астамшылыққа, даңғойлық пен кердеңдікке жол берілгендік. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласындағы тұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың бірнеше бағыттарын атап өткенін білеміз, сол бағыттардың бірі – прагматизм. Оның мазмұнында жоғарыда аталған мәдениеттің белгілері жан-жақты қарастырылған [1].

Осыған орай, бүгінгі күнгі ұрпақ тәрбиесіне жауапты субъектілердің басты мақсаты – өзіндік адамгершілік мәдениеттің белгілерін бала бойына дарыта отырып, оның жүрек түкпіріндегі адамгершілігі мен мәдениеттілігін жарыққа шығару, әрбір баланы жеке тұлға ретінде жетілдіру үшін олардың бойындағы бар құндылықтарды дамыту.

Жас ұрпақтың бойынан тауып, дамытып немесе оған сіңіруді арман етіп отырған адамгершілік мәдениеттің белгілерін алдымен тәрбиеші өз бойынан тауып алмай, оны жарыққа шығаруға әрекет етпей, оларды баламен қарым-қатынаста шынайы түрде іске асырмай, ата-ана, қоғам, тіпті болашақ алдындағы жауапты ісін өз деңгейінде атқара алуы мүмкін емес [2].

Сондықтан тәрбиеші өзінің негізгі мақсатына жетудегі іс-әрекетін өзін танудан бастағаны жөн. Ф.М.Достоевскийдің «Өзіңнен өзіңді ізде, өзіңе өзің бағын, өзіңді өзің тани біл», — дегеніндей, әр тәрбиеші өзінің бала болғанын, өзінің ата-ана екенін, өзінің педагог болып қалыптасып келе жатқанын ой елегінен жиі-жиі өткізіп отырса, өзге алдындағы жауапкершіліктің сыры бірден айқындала бастайды. Баламен кездескен сәттен бастап, оның үйіне қайтатын уақытына дейінгі кезеңде онымен тікелей қарым-қатынаста екенін, онымен ішкі сезімі байланыста болатынын бір сәт

естен шығармағаны абзал. Сонда ғана ол білімді де білікті, салиқалы да парасатты, мәдениетті, жан-жақты жетілген жеке тұлғаны қалыптастыру ісінде едәуір табыстарға қолжеткізе алады.

Бүгінде әлем төртінші өнеркәсіптік революция дәуіріне, технологиялық, экономикалық және әлеуметтік салалардағы терең және қарқынды өзгерістер кезеңіне қадам басқан үшінші мыңжылдықтың жастары қандай болмақ? Бұл бүкіл адамзатты ойландыратыны да, толғандыратыны анық. Шынында да, құнды қасиеттерге ие адамды қалыптастыру оның туған кезінен басталса және әрі қарай балалардың жас ерекшеліктеріне сай дамытылса.

Біз мектепке дейінгі жастағы балаларда адамгершілік мәдениеттің белгілерін қалыптастыруды алып отырмыз, себебі мектеп дейінгі жас — адамгершілік мәдениет белгілерін қалыптастырудың қолайлы кезеңі. Бұл жаста баланың интеллектуалды, адамгершілік-еріктік, эмоционалды ортасының дамуы қарқынды жүреді. Тұлғаның дамуы және іс-әрекеті жаңа қажеттіліктер мен сапалардың, яғни, балалардың тікелей ешқашан бақыламаған заттар мен құбылыстар жайында білімдерінің кенекімен сипатталады. Балаларды осы заттар мен құбылыстар арасында пайда болған байланыстар қызықтырады, ал балалардың мұндай байланыстарға енуі көп жағдайда оның дамуымен айқындалады.

2017–2018 оқу жылы Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі ұйымдарында білім беру үрдісін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатында мынадай міндеттерді көрсеткен:

- балалардың денсаулығы мен психикасын нығайту;
- балаларды ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарға баулу;
- рухани және адамгершілік негіздерін қалыптастыру;
- балалардың жеке қабілеттері мен дарындылықтарын дамыту;
- әрбір баланың жағымды көңіл-күйін қамтамасыз ету, жағымды өзін-өзі сезінуін дамыту;
- баланы мектепте оқуға мақсатты түрде дайындау [3].

Осы міндеттерге байланысты жаңа технологиялық қалып біздің қалай жұмыс істейтінімізді, азаматтық құқықтарымызды қалай іске асыратынымызды, балаларымызды қалай тәрбиелейтінімізді түбегейлі өзгертуде, адамның адам болып қалыптасуында отбасының, білім беру жүйесінің қызметкерлеріне болашақ ұрпақты тәрбиелеуде үлкен жауапкершілік жүктелген. Сондықтан бұл істе асығыс шешім, жалған әдіс, қалыптағыдай қатып қалған, ескірген тәсіл қолданылмауы тиіс.

Адамгершілік мәдениет белгілерін қалыптастыру ісі білім берумен ғана шектелмейді, ол баланың сезіміне әсер ету арқылы ішкі жан дүниесін оятудың нәтижесінде оның дүниетанымын қалыптастырады. М.А. Волкованың пайымдауынша, адамгершілік мәдениет – бұл этикет пен мәдениеттіліктің маңызды категориясы, ол тұлғаның адамгершілік мәдениетінің құрылымы:

- этикалық ойлау мәдениеті (жақсылық пен жамандықты ажырата білуі, пайда болған жағдаяттарда адамгершілік нормаларды қолдану және т.б.);
- сезім мәдениеті (даму, адами сезімдер, адамның эмоционалды руханияты, қайырымдылық);
- мінез-құлқ мәдениеті (бұл адамның күнделікті мінез-құлқынан көрінетін моральдік және эстетикалық нормаларының жиынтығы);
- этикет (адамның қоғамдағы мінез-құлқын реттейтін формаларға, тәсілдерге, ережелерге адалдығы, дұрыс қабылдауы) [4].

Тұлғаның адамгершілік мәдениеті — бұл тұлғаның адамгершілік дамуының сипаттамасы, бұл қоғамның моральдік тәжірибесін меңгеру дәрежесі, мінез-құлқы және басқа адамдармен қарым-қатынаста құндылықтарды, нормалар мен қағидаларды, өзін-өзі бірізді жетілдіруді жүзеге асыру қабілеті.

Жоғарыда аталған адамзаттық мәдениеттіліктер бала бойында арнайы әдістер мен құралдарды қолдануда жүзеге асады [2]. Кейбіреулеріне тоқталсақ:

Көркем құралдар тобы: қойылымдар, көркем әдебиет, бейнелеу өнері, әуен, көрмелерге саяхат, ертегілер мен мақал-мәтелдер және т.б. Көркем құралдарды эмоционалды-мазмұндық таңдау мектепке дейінгі баланың жас және психологиялық ерекшеліктерін, олардың эмоционалдық, психологиялық қабылдауын ескерумен байланысты. Олар балаларда адамгершілік мәдениет белгілерін, адамгершілік көзқарастар мен сезімдерін қалыптастыру міндеттерін шешу үшін маңызды және тиімді құралдар. Адамгершілік мәдениетін қалыптастыруда көркем әдеби шығармаларды пайдалану балалардың өзгелермен бірге қуану, қайғыру, олардың көңіл-күйіне ортақтасу қабілеттерін қалыптастыруына жәрдемдеседі, олардың оң адамгершілік эмоцияларын реттейді.

Мақал-мәтелдер — халықтық педагогикасының ең бір ашық інжу-маржаны. Бұлардың адамгершілік тәрбиесіне ықпалы зор, себебі мақал-мәтелдер жан-жақты мазмұны арқылы ең шынайы адамгершілік қасиеттерді білдіреді, баланың жаңа ұғымдарды біліп, ойының дамуына, санасының қалыптасуына ықпал жасайды. Отанына, халқына, табиғатына, сүйіспеншілікке, ұлтжандылыққа тәрбиелеуде мақал-мәтелдердің алатын орны орасан. Баланың өмір тәжірибесі аз, сондықтан оған айтатын ақыл-насихат әрі әсерлі, әрі ойда қалатындай мәнді болу керек.

Әрине, кез келген қазақ бала тәрбиесінде, күнделікті тұрмыс-тіршілікте сөз арасында жиі қолданатын мақал-мәтелдердің өмірдегі алатын орны ерекше. Әсіресе бала-бақшада, мектепте бала санасының қалыптасуында, олардың оқу, білімге деген құштарлықтарын оятуда, үлкенге құрмет көрсетіп, өз қатарластарына ізетпен қарауларына үйретеді [5].

Адамгершілік мәдениетті қалыптастыруда ертегінің рөлін атақты педагог Ы.Алтынсарин: «Бала кезде үш жастан он екі жасқа дейінгі аралықта әр адам өзінің рухани дамуына қажетті нәрсенің бәрін де ертегіден алады», — деп атап айтқан болатын. Кез келген халықта, ең алдымен, балаға тәрбие, білімді ертегі арқылы беруі – атам заманнан келе жатқан үрдіс. Ертегінің алғашқы мақсаты – рухани адамгершілік тәрбие беру, одан соң ол арқылы білім беру. Ертегіні сүйіп тыңдап, жаттап, өзгеге мағынасын бұзбай айтып бере алатын бала сол ертегінің нәрін бойына сіңіріп, ойы, ақылы кемелденіп, мінезі түзеледі, тілі байып, жан дүниесі өркендейді.

Жас баланың ертегіге мас бола елітіп, көзін жұмып, аузын аша рахаттана тыңдайтыны, ертегі әлеміне өзі қоса еріп кетіп, сол батыр немесе сұлу да ақылды қыз өзім болсам деп, тәтті қиялдарға беріледі, ертегі тыңдауға жаны құмартып, іздеп, тыным таппайды.

Ертегілер баланың көкейінде «Неге?» деген сұрақты тудырып, қиялын жетелеп, ілім-білімге деген талпынысын оятады. Ертегілер баланың бойындағы ұлы сүйіспеншілік, мейірімділік сезімдерін жоғалтпауға, барлық тіршілік иелеріне қамқорлық қасиеттерін, қанағатшыл мен қарапайымдылық сияқты адамгершілік мәдениет белгілерін одан әрі ұштауға тәрбиелейді.

Мектепке дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастыру құралы ретінде табиғаттағы серуенді атауға болады. Табиғи құралдар – айнала қоршаған табиғаттың мектепке дейінгі балалардың адамгершілік негіздерін қалыптастыруда ерекше және балаларда жануарлар мен өсімдіктерге қамқорлық жасауға деген жағымды сезімдерін дамытады. Табиғаттың бала тұлғасының адамгершілік аясына әсері көпқырлы және қажетті педагогикалық ұйымдастыру барысында баланың сезімдері мен мінез-құлқын тәрбиелеудің маңызды құралы болып табылады.

Мектепке дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет белгілерін қалыптастырудың тағы бір құралы — бұл балалардың негізгі әрекеттері: ойын, еңбек, оқу және шығармашылық.

Адамгершілік мәдениет белгілерін қалыптастырудың құралы бала өмір сүріп жүрген мейірімділікке, сүйіспеншілікке, адамгершілікке немесе, керісінше, қатыгездікке, мейірімсіздікке толы атмосферасы болады. Баланың қоршаған әлемі, отбасы, педагогтар, тәрбиешілер мен құрдастары адамгершілік тұрақтылығын қалыптастыруға мыңызды әсер етеді. Адамгершілік тәрбиенің барлық механизмін жандандырады және адамгершілік мәдениеттің белгілерін қалыптастырады. Мектепке дейінгі ұйымның қызметкерлері өз тәрбиеленушілері үшін мейірімділік, рухани жылулық, түсінушілік, адамгершілік атмосферасын құра білсе, тек осындай жағдайларда ғана баланың туғаннан толыққанды тұлға болып өсуіне, баланың барлық қабілеттері мен дарындылығын ашуға мүмкіндік беруге болады. Бұл тек бала үшін ғана емес, қоғам үшін маңызды. Өйткені қоғамның әрбір мүшесі адамгершілік жағынан кемелденіп, мейірімді болса, сол қоғамда өмір сүретін біз бен біздің балаларымыздың өмір сүруі де толыққанды болады [3].

Қалыптастыру құралдарын таңдау қойылған міндетке, тәрбиеленушілердің жасына, олардың жалпы және интеллектуалдық даму деңгейіне, адамгершілік қасиеттерін дамыту кезеңдеріне (адамгершілік мәдениет белгілерін қалыптастыру, бекіту, қайта тәрбиелеу) байланысты.

Адамгершілік мәдениет белгілерін қалыптастыру және тәрбиелеу әдістері – бұл берілген тәрбие мақсатына жету жолдары, бала тұлғасын қалыптастыруды жүзеге асыру арқылы педагогикалық ықпал ету тәсілдері, мұғалімнің, тәрбиешінің қолындағы ерекше құрал. Олар адамгершілік даму үрдісін ұйымдастыру және тұлғаны жетілдіру мен осы үрдісті басқару қызметтерін орындайды, балаларға тікелей ықпал етіп, адамгершілік тәжірибелерін байытады.

Мектепке дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастыру әдістері оқшауланып қолданылмайды, кешенді және өзара байланыста қолданылады. Кешенді қолдануға болатын және мақсатқа сай әдістерді таңдауға жетекші тәрбие міндеттері мен балалардың жасы негіз болады [6].

Адамгершілік мәдениет белгілерін қалыптастыру алуантүрлі әдістердің жиынтығын талап етеді. Оларды былайша жіктеуге болады:

1. Мінез-құлық дағдылары мен әдеттерін қалыптастыру әдістері. Әдістердің бұл тобы балаларда жалпы мінез-құлықтың практикалық тәжірибесін жинақтауды қамтамасыз етеді.

Бұған баланы жалпы мінез-құлықтың жағымды түрлеріне үйрету әдісі жатады (амандасу мен қоштасу, қызметіне алғыс білдіру, сұрақтарға сыпайы жауап беру, заттарға ұқыпты қарау және т.б.). Балаларды әртүрлі практикалық қызметке, құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынас жасауға (жасанды және арнайы құрылған жағдаяттар) араластыруда болжайтын жаттығулар көмегімен қатысады.

Тапсырма әдісі, егер ол ересек немесе басқа балалардың үлгісімен үйлессе, үлкен әсер береді. Бұл ретте балада ұқсас болуға, еліктеуге тілек болуы керек. Егер үлгі баланың әрекетінде көрініс тапқан болса, оның мәні мен бала тұлғасына белсенді әсер еткендігі туралы айтуға болады.

Педагог ұйымдастырған мақсатты бақылау әдісі үлкен мәнге ие (мысалы, кіші балалар мектепке дейінгі ересек балалардың тату ойындарын бақылап отырады). Бұл жай ғана пассивті әдіс емес, ол балалардың тәжірибесін нәрлейді, құбылысқа деген көзқарасты қалыптастырады және мінез-құлыққа оң әсер етеді. Бұл әдіс балалардың мәдени мінез-құлық дағдыларын тәрбиелеуде тиімді [3].

Тәрбиешінің қоғамдық пайдалы сипатқа ие қызметті ұйымдастыру әдісі өте маңызды (мысалы, учаскені тазалау, бұталар, гүлдер отырғызу бойынша ұжымдық еңбек және т.б.). Маңызды әдіс ретінде балалар ойынын айтуға болады, әсіресе сюжеттік-рөлдік. Ол балаға басқа балалармен қарым-қатынасты еркін және өз бетінше орнатуға, тақырыптарды, ойын мақсаттарын таңдауға және шындық құбылыстар туралы түсініктерді, мінез-құлық нормалары мен ережелерін білуде әрекет етуге мүмкіндік береді. Ойын ересектерге баланың адамгершілік даму деңгейіндегі жетістіктері мен кемшіліктерін анық көруге, оны тәрбиелеудің міндеттерін белгілеуге мүмкіндік береді.

2. Адамгершілік мәдениеттілікті, түсініктерді, пайымдауларды, бағалауды қалыптастыру әдістері:

- әңгімелесу;
- көркем әдебиеттерді оқу;
- этикалық тақырыптарға арналған әңгімелер;
- суреттер, иллюстрациялар, диафильмдер;
- сендіру әдісі.

Бұл әдістер ұйымдастырылған оқу қызметі барысында балалардың күнделікті өмірінде де кеңінен қолданылады. Бұл ретте тәрбиеші балалардың білімін меңгеруден, олардың жағымды эмоционалдық жай-күйін реттеуге өтуі тиіс. Балалардың мінез-құлқы мен қарым-қатынасын дұрыс бағалауды қалыптастыру моральдік түсініктерді мінез-құлық себептеріне айналдыруға ықпал етеді [7].

Көп жағдайда этикалық тақырыптарға арналған әңгімелер жиі қолданылады. Бұл адамгершілік мазмұны бар, нақты фактілер мен жағдайларды эмоционалды білдіру. Сезімге әсер ете отырып, әңгіме тәрбиеленушілерге адамгершілік бағалау мен адамгершілік мәдениет белгілерін, қасиеттерін, мінез-құлық нормаларын игеруге көмектеседі.

Этикалық тақырыптағы әңгіменің бірнеше қызметтері бар:

- білім көзі ретінде қызмет ету;
- басқа адамдардың тәжірибесімен тұлғаның адамгершілік тәжірибесін байыту;
- тәрбиелеуде жағымды үлгіні қолдану тәсілі ретінде қызмет ету.

Этикалық әңгіменің тиімді шарттары ретінде төмендегілерді алуға болады: әңгіме балалардың әлеуметтік тәжірибесіне, эмоционалды, балалардың уайымына сәйкес, түсінікті болу керек. Әңгіме көркем суреттер, халық шеберлерінің бұйымдары бола алатын иллюстрациялармен сүйемелденеді. Әңгімені қабылдау күшейту жақсы таңдалған музыканың сүйемелдеуімен жүргізіледі. Кеңістік этикалық әңгімелерді қабылдау үшін үлкен маңызға ие. Әңгіме кәсіби орындалған кезде ғана дұрыс әсер етеді.

3. Мінез-құлықты түзету әдістері.

Егер алдыңғы әдістер тобы адамгершілік мәдениет белгілерін қалыптастырудың негізгі әдістеріне жатқызылса, бұл әдістер тобы көмекші болып табылады. Олар мадақтау және жазалау әдістері. Жазалау мен мадақтауда көбіне баланың адамгершілік мәдениеттілігінің нәтижесі байқалады.

Мадақтау (тәрбиеші тарапынан) түрлі формада байқалады: мақұлдау, күлімсіреу, басты изеу, сыйлық, баланың отбасы ортасындағы немесе құрдастарының алдындағы жағымды әрекеттері туралы әңгімелесу, балалар мен ересектердің бірлескен еңбегі, жауапты істі тапсыру, киноға, саябаққа бару және т. б.

Мадақтай отырып, төмендегі педагогикалық талаптарды ескеру керек:

1. Уақытында мадақтау керек.

2. Мадақтау нақты анықтамаларды көздейді, мысалы: «мейірімді», «сыпайы», «әділ» және т.б. Бұл сөздермен мінез-құлықтардың адамгершілік мағынасы көрсетіледі.

3. Мадақтау лайықты болуы керек. Яғни, физикалық, ақыл-ой, адамгершілік күш-жігерді талап ететін әрекеттерді мадақтау керек.

4. Кез келген мадақтаудың шегі болуы керек, бір баланы ғана мадақтай беруге болмайды.

5. Жеке және жас ерекшеліктерді ескеру керек.

Жазалауды міндетті әдіс ретінде қарастырмау керек. Ол төмендегідей формаларда жүзеге асырылуы мүмкін: ескерту, мейірімнен айыру, баламен әңгімелесу және сөйлесуден уақытша бастарту, сүйікті іспен айналысуға тыйым салу, құрдастарымен қарым-қатынас жасаудан және қылығын отбасының барлық мүшелерімен, құрдастар ұжымымен талқылау.

Жазалау барысында есте ұстайтын талаптар:

1. Жазаламас бұрын, тыңдамаудың себебін анықтау керек. Теріс қылықтары үшін жаза әділ болуы керек.

2. Жазалау тәрбиенің міндетті әдісі болып табылмайды.

3. Жазалау үлкен тактіні, шыдамдылықты, сақтықты талап етеді.

4. Жазаны талаппен үйлестіру керек.

5. Тәрбиеші балалардың жазаға деген реакциясын қарастырып, олардың әдепсіз әрекеттерін сезінуге көмектесу керек.

6. Жаза бала тұлғасын құрметтеуге негізделеді.

7. Ересектер жазалаудың шегін есте сақтау керек. Жиі жазалаудың зияндары: бала жазадан сақтану үшін алдайды, өтірік айтады [4].

Біздің ойымызша, мектепке дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет белгілерін қалыптастыруда жоғарыда қарастырған әдістермен қатар, И.Г.Щукинаның да өндеген әдістер тобын бірізді қолдануға болады:

– сананы қалыптастыру әдістері (әңгіме, түсіндіру, этикалық әңгіме, сендіру, үлгі ету);

– мінез-құлықты қалыптастыру және әрекетті ұйымдастыру әдістері (жаттығу, тапсырма, тәрбиелеуші өмірлік жағдаяттар);

– ынталандыру әдістері (жарыс, мадақтау, жазалау) [7].

Бүгінгі күні қоғамның жаңғыру қарқыны жеделдетілген, құндылықтар әлеміндегі өзгерістер ақпараттарды иеленуде саяси, экономикалық, адамгершілік қатынастардың сипатын өзгертетін «жаңа меншік» мәніне ие. Осыған орай адамгершілік мәдениет белгілерін қалыптастыруда балалар киноларының, мультфильмдер мен бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі ерекше. Заманауи ақпараттық технологиялардың дамуы кезеңінде медиаәлем, медиакеңістік қазіргі балалар өмірінің ажырамас бөлігі болып табылады. Балалар мультфильмдерінің, киноларының сюжеттері, кейіпкерлердің бейнелері адамгершілік мәдениет белгілерінің үлгілері болуы мүмкін. Кейбір кинолардың мазмұны адамгершілік мәнге ие, терең қобалжуды талап ететін қатаң мәселелерге балалардың назарын аударады. Мультфильмдердің барлық адамгершілік-дамытушылық әлеуеті мектепке дейінгі балалардың адамгершілік тәрбиесі жүйесінде қолданылуы мүмкін, себебі қарастырылып отырған жас кезеңі адамгершілік ұстанымдары мен сезімдерінің қарқынды қалыптасуымен сипатталады.

Бұқаралық ақпарат құралдары балалардың адамгершілік санасына және мінез-құлқына, олардың өзара қарым-қатынасына бірдей әсер етеді. Балалардың даму үрдісінде бұқаралық ақпарат құралдарының әсері кейіпкерлерге белсенді еліктеуге ұмтылуында. Қиялының баюында және байқалатын оқиғаларды қабылдау сезімінде көрініс табады. Балалардың қиялға бейімділігі, нақты өмірді өзі ойлайтын оқиғаларға ауыстыруы, сондай-ақ әлеуметтендіруде жиі пайда болатын мәселелердің факторына айналады.

Сонымен, мектепке дейінгі жас бала тұлғасында адамгершілік мәдениет белгілерін қалыптастыру үшін өте маңызды болып табылады. Адамгершілік мәдениеттің белгілерін қалыптастыру әдістері мен құралдарын кешенді пайдалану тәрбиешіге балалардың бойында

карапайымдылық, қанағатшылдық, ұстамдылық, үнемшілдік сияқты белгілерді қалыптастыруға және баланың даму міндеттерін табысты шешуге көмектеседі.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру / Н.Ә. Назарбаев // Егемен Қазақстан. — 2017. — 12 сәуір.
- 2 Игенбаева А. Адамгершілік сабақтары / А. Игенбаева. — Алматы: Дәуір, 2001. — 174 б.
- 3 2017–2018 оқу жылы Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі ұйымдарында білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хаты. — Астана, 2017. — 17 б.
- 4 Козлова С.А. Дошкольная педагогика: учебник для студ. сред. профобие учеб. зав. / С.А. Козлова. — 6-е изд., испр. — М.: Академия, 2006. — 416 с.
- 5 Садырбаев С. Қазақ халық әдебиеті / С. Садырбаев. — Алматы: Рауан, 1990. — 240 б.
- 6 Буре Р.С. Воспитание нравственных чувств у старших дошкольников: пос. для воспитателя детского сада / Р.С. Буре. — М.: Просвещение, 1980. — 233 с.
- 7 Комарова И.А. Дом наших улыбок: Социально-нравственное воспитание детей дошкольного возраста: пособие для пед. учрежд., обеспечивающих получение дошкольного образования / И.А. Комарова. — Мозырь: ИД «Белый ветер», 2008. — 78 с.

Я. Данек, Ж.А. Карманова, С.М. Абылайхан

Применение методов и средств в формировании нравственной культуры детей дошкольного возраста

В статье проведен анализ теоретических и практических основ применения методов и средств по организации формирования нравственной культуры детей дошкольного возраста. Авторами определены основные задачи формирования нравственной культуры у детей дошкольного возраста. Выделены виды средств формирования нравственной культуры у дошкольников и подходы к классификации методов воспитания. Эти средства и методы широко используются как на занятиях, так и в повседневной жизни детей дошкольного возраста. Авторами описаны содержание и методика нравственного воспитания детей дошкольного возраста. В качестве признаков нравственной культуры детей дошкольного возраста выступают: простота, экономичность, сдержанность, удовлетворенность, рациональное использование. В качестве инструментов формирования нравственной культуры у детей дошкольного возраста выступают группы художественных средств, прогулки на природе. В статье раскрыто содержание методов: методы формирования нравственной культуры, понятий, суждений, оценок; методы коррекции поведения. При использовании данных средств и методов в процессе организованной учебной деятельности и воспитания детей в повседневной жизни родители и педагоги дошкольной организации формируют личность, осуществляют модернизацию общественного сознания.

Ключевые слова: воспитание, формирование, дошкольный возраст, модернизация общественного сознания, духовная модернизация, нравственная культура, методы, средства.

Ya. Danek, Zh.A. Karmanova, S.M. Abylaikhan

The use of methods and means in the formation of the moral culture of children of pre-school age

The article deals with the problems of formation of moral culture of pre-school children through the use of effective methods and means. The analysis of theoretical and practical bases of application of methods and means on the organization of formation of moral culture of children of pre-school age is carried out. In the article the authors define the main tasks of formation of moral culture in pre-school children. Types of means of formation of moral culture at pre-school children and approaches to classification of methods of upbringing are allocated. These means and methods are widely used both in the classroom and in the daily life of pre-school children. The authors describe the content and methods of moral upbringing of pre-school children. As signs of moral culture of children of pre-school age are acquired: simplicity, efficiency, restraint, satisfaction, rational use. The theoretical and practical analysis of the bases of application of methods and means on the organization of formation of signs of moral culture was carried out. As tools of formation of moral culture at children of pre-school age groups of art means, walks in the nature act. The method is a way

to achieve the goal of education, it is a way of pedagogical influence through the formation of the child's personality, it is a special tool of the teacher, educator. Classification of methods the authors emphasize the following and comprehensively reveals their content: methods of skills and habits of behavior, methods of formation of moral culture, concepts, judgments, assessments, methods of behavior correction. When using these tools and methods in the process of organized educational activities and education of children in everyday life, parents and teachers of pre-school organizations form the personality of the modernization of public consciousness.

Keywords: education, formation, preschool age, modernization of public consciousness, spiritual modernization, signs of moral culture, methods, means.

References

- 1 Nazarbayev, N.A. (2017). Bolashakka bahdar: ruhani zhanhyru [View of the future-modernization of public consciousness]. *Ehemen Kazakstan – Egemen Kazakhstan, 12 sauir* [in Kazakh].
- 2 Igenbaeva, A. (2001). *Adamhershilik sabaktary [Moral Lessons]*. Almaty: Daur [in Kazakh].
- 3 *2017–2018 oku zhyly Kazakstan Respublikasy mektepke deiinhi uiymdarynda bilim beru protsesin uiymdastyrudyn erekshelikteri turaly adistemelik nuskau haty (2017) [Methodical index letter about features of the organization of educational process in preschool organizations of the Republic of Kazakhstan for 2017-2018 academic year]*. Astana [in Kazakh].
- 4 Kozlova, S.A. (2006). *Doshkolnaia pedahohika [Pre-school pedagogy]*. (6d ed.). Moscow: Akademiia [in Russian].
- 5 Sadyrbaev, S. (1990). *Kazak halyk adebieti [Kazakh folk literature]*. Almaty: Rauan [in Kazakh].
- 6 Bure, R.S. (1980). *Vospitanie npravstvennykh chuvstv u starshikh doshkolnikov [The education of the moral feelings of the senior preschool children]*. Moscow: Prosveshchenie [in Russian].
- 7 Komarova, I.A. (2008). *Dom nashikh ulybok: Sotsialno-npravstvennoe vospitanie detei doshkolnoho vozrasta [Social and moral upbringing of children of pre-school age]*. Mozyr: Izdatelskii Dom «Belyi veter» [in Russian].